

## Қазақстан Республикасында алқа билер сотын құрудың құқықтық және әлеуметтік мәселелері

Бирманова А.И.

В статье рассматриваются отдельные аспекты осуществления правосудия, которые направлены на обеспечение демократических процессов, происходящих в Республике Казахстан, и являются важным аспектом развития института суда присяжных заседателей. Раскрываются вопросы определения виновности подсудимого, исходя из фактических данных и внутреннего убеждения присяжных заседателей, для привлечения его к уголовной ответственности. Определяется роль суда присяжных заседателей в обеспечении законности и прав человека в условиях развития гражданского общества и правового государства в современном Казахстане.

The aim of judge institution to introduce equitable court using of democratic. Presses of our country. To heel for government to introduce the way judge development. It helps to solve the party in gaunt by judges conscience. In a proper way. a judgement of juror takes part of process of criminal affair by human fate. Open the questions of the determination to culpability подсудимого coming from actual data and internal belief juror заседателей for attraction him (it) to criminal responsibility. The role of the court juror заседателей is Defined in provision of legality and human rights in condition of the development civil society and legal state in modern Kazakhstan. The session of jury judges play a great role when they solve the problem of perpetrator.

Бүгінгі таңда демократиялық даму, сот билігі жүйесін нығайту мақсатында бұрынғы дана, шешен билеріміздің өнегесін жалғастыра отырып, еліміздің сот жүйесіне алқа билер институтын енгізу — заман талабына сай маңызды мәселе.

Әлемнің қай елінде болмасын, қазір сотқа деген сенім мемлекетке деген сенім екендігі баса айтылады. Себебі әділетті сот төрелігі ғана адам құқының, оның меншігінің, болашағының қорғалатынына және оның қауіпсіз жағдайда өмір сүретініне сенімділік бере алады. Әділдік, әділеттілік пен тұрақтылық орныққан елге ғана шет жұрт инвестиция салады. Біздің Конституциямызға сәйкес сот билігі Республика атынан жүзеге асырылады және оның басты мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін жақтайды. Кеңестік кезеңнен өткен сот-құқықтық жүйесін реформаламай өркениет үрдісіне, әлемдік стандарттарға жету қиын. Сондықтан да биылғы жолдауында Елбасы жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің, реформалардың аса маңызды бағыттарының бірі — сот-құқық жүйесін жетілдіру екендігін атап өтті. Мәселен, Президенттің жолдауында, біріншіден, алқа билер жүйесінің өмірге енгені, екіншіден, тұтқындау құзырын сотқа беру, үшіншіден, осы заманғы және ашық тұрпатты сот жүйесін құру туралы басым бағыттар айқындалды. Ал енді алқа билер үрдісін өмірге ендіру негізінен қазір басталып та кеткен. Бұл аса ауыр қылмыс жасағандарға байланысты ғана қолданылады.

Қазіргі кезеңдегі біздің еліміздегі жүргізіліп отырған сот реформалары, ұлттық әділ соттың қалыптасу тарихына көзқарасты өршітіп, оның генезисі мен эволюциясының негізгі сатыларына деген қызығушылықты тудыруда. Мемлекеттік-құқықтық реформалар өткен саяси-құқықтық институттардың түбегейлі өзгерістерінің сабақтарын және отандық тарихи тәжірибелерін өз бағдарламалары мен жоспарларында көрсетуі керек, себебі ұлттық әділ соттың жетістіктері жоғарыдағы шарттармен тікелей байланысты әрі соған тәуелді.

Елімізді демократиялық-құқықтық мемлекет ретінде одан әрі дамыта түсу биылғы жылы да жалғасын таба бермек. Соның жарқын мысалы — республикадағы қылмыстық сот өндірісіне алқа билер институтын енгізу біз ойлағандай сәттілікпен басталуы. Бір сөзбен айтқанда, сот өндірісін алқа билердің қатысуымен жүзеге асыру еліміздегі әділ соттың жалпы ахуалын елеулі түрде жетілдіруде маңызы зор және ол мемлекет мүддесі мен сот беделін одан әрі арттыра түседі.

Алқа билер институты процессуалдық заңнамадағы барлық қағидаларын мінсіз және толыққанды орындалуына бағыт-бағдар береді. Атап айтқанда, сот үдерісіндегі сайысушылықты қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Алдын ала тергеудің және сот тергеуінің сапасын жақсартады. Тараптардың кәсіби деңгейін көтеріп, қылмыстық ізге түсу органдарындағы тәртіпті елеулі түрде қатайтады. Сондай-ақ қылмыспен күресудің атын жамылып, жөнсіз айыптауға жол беруде орын алатын келеңсіздікті жояды [1].

Осы уақытқа дейін сот үдерісіне алқа билер енгізу туралы Жоғарғы сотта көптеген шаралар ұйымдастырылды. Прокурорлар мен адвокаттар қатысқан халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференциялар өтіп, алқа билердің қазақстандық құқық жүйесіне лайықты үлгісі таңдап алынды. Әсіресе республикадағы судьялардың үлкен тобы Мәскеуге арнайы барып, Ресей сотындағы алқа билердің қызметімен жан-жақты танысып, нәтижесі мол тағылым алды.

Қазіргі уақытта алқа билер институтын енгізуге байланысты күмәнмен қарайтын мамандар аз емес, сондықтан бұл тақырып қазіргі кезеңдегі ең көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Тәжірибе жүзінде сот өндірісі үшін жаңа ережелерді игеру керек. Бұл ережелер бірінші орынға адамзат құндылықтары, өмір мен бостандықты шығаратын Конституция нормаларынан шығады. Алқа билер сотының бір ерекшелігі, олар кәсіби соттар тарапынан жіберілетін мүмкін қателіктерге жол бермей, сот ісін талқылау барысында адамды естен шығармайды.

Алқа билер соты жазаны жеңілдетуге мүмкіндік әрі аса ауыр қылмыстық істерді қарастыруда әділ соттың кепілі ретінде әрекет жасайды. Алқа билердің қатысуымен істерді қарау — демократия қағидаларының жарқын көрінісі. Мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылса, алқа билер соты Ата Заңымызбен бекітілген осы негізгі құндылықтарды қорғауға бағытталған. Алқа билер тиісті заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның, кінәсі немесе кінәсіздігі туралы кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, алқа билердің сот істеріне қатысуы — Конституцияда көрсетілген соттардың адам тағдырын шешудегі және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы қызметінің халық ортасында әділдіктің, заңдылықтың үстемдігін паш етуінің айқын көрінісі болмақ. Қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарау сот жүйесін реформалауда қол жеткен жетістіктердің маңыздысы деп түсіну керек. Алқа билердің қылмыстық сот үдерісіне қатысуы қылмыстық істер бойынша адам тағдырын жан-жақты зерттеп, зерделеп, әділ шешім шығаруға өзіндік үлесін қосатыны сөзсіз. Алқа билердің әділдікті орнатудағы бірден-бір қаруы — ұшқыр таза ой, өмірлік білім мен тәжірибе болғандықтан, осы институт сот төрелігін әділеттіліктің шыңына жеткізеді деп сенеміз.

Алқа билер соты дегеніміз заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның кінәлі немесе кінәсіздігі туралы ар-ұятқа жүгіне отырып, кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады. Ресей ғалымы М.И.Клеандров: «Алқа билер тікелей сот актісін шығаруға қатыспайды, олар оны жазбайды және оған қолдарын қоймайды, бірақ олар қылмыс жасаудағы айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы ішкі сеніммен, кәсіби судьяның қатысуынсыз, өз бастамаларымен кесім шығарады», — деп керсетеді.

Жалпы, алқа билер деп тиісті деңгейде жағдайлардағы талаптар сақталған, қабылданған тізімдегі адамдар санынан тұратын, тандалып, тағайындалатын тұлғалар тобын айтуға болады. Алқа билерді тағайындау мәселесі де терең қарастыруды талап етеді. Билер мемлекеттік тілді толық меңгерген, жоғары зерделі, ойлы, жан-жақты, білімді, өмірден түйгені мол, ұйымдастырушылық қабілетке ие, парасатты, шешен әрі жасанды мінез-құлықтан жат, жалған әрекеттерге жол бермейтін, өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын, ел мүддесін ойлайтын, тиісті тексерістен өткен тұлғалар болуы қажет.

Алқа билер міндетін атқару — әрбір тізім бойынша тағайындалған азаматтың міндетті борышы. Сондықтан әрбір сайланушы алқа би әділ сот билігін жүзеге асыруға өз үлесін қосып, мемлекет тарапынан жүктелген міндетке құрметпен қарауы керек.

Қазақстан Республикасының алқа билер институтын құруда аталмыш институтты құру тәртібіне, алқа билер мен кәсіби судьялардың өкілеттіліктеріне, алқа билердің қатысуымен өтетін ерекшеліктеріне, сондай-ақ іс жүргізу барысындағы іс-әрекеттерге, алқа билер шешуге жататын мәселелердің қалыптасуына (дайындалуына), алқа билер сотында қойылатын сұрақтардың мазмұнына, сонымен қатар ол сұрақ іске қатысушы алқа билерге түсінікті болуына, мемлекеттік тілді толық меңгермеген адамдарға алқа заседателі болып қатысуына жол бермеу мәселесіне, алқа билердің іске қатысу кезіндегі этикасына, алқа би шешімінің әрі қарай шағымдалу, шағымдалмау мәселелеріне ерекше назар аудару керек. Алқа билерге қатысты заң мен кез келген нормативтік актілер міндетті түрде алдымен мемлекеттік тілде қабылдануы өте маңызды. Аталған институтты енгізу негізінде халық пен билік арасындағы байланыс нығайтылғанымен, жауаптылық мәселенің тиянақты аяқталуын талап етеді [2].

Қазақстан Республикасының сот өндірісі жүйесіндегі алқа билердің мәнін, орнын және рөлін анықтау үшін, алқа билер мен халық отырысшыларының арасындағы ерекшеліктерді тереңірек қарастыру керек. Оларға мыналар кіреді:

- қылмыстық істі алқа билер сотында қарастыру туралы сұрақты шешу маңыздылығы айыпкердің еркіне байланысты болуы керек (бұл жерде бастапқы және соңғы процессуалдық сәттерді анықтау қажет);
- алқа билер әрекеті вердикт шығарумен ғана шектелуі қажет, үкімді тікелей шығару бойынша әрекетке қатысуларына тыйым салынады (халық отырысшысы судьямен тең жағдайда болды, істі қарастыруға тікелей қатысты, соның ішінде үкім шығаруға қатысты);
- алқа билер сотын қалыптастырудың жолы басқа, яғни территориялық әкімшілікпен (облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктер) қалыптастырылған алқа билердің жалпы тізімінен кездейсоқ таңдау әдісіне негізделеді, ал халық отырысшылары еңбек ұжымымен немесе тұрғындармен сайланды;
- алқа билер ретінде бір тұлғаны бірнеше рет шақыруды шектеу, ал халық отырысшылары ұзақ мерзімге сайланып, сотта істі қарастыруға бірнеше рет қатысты;
- алқа билер әрекеті тек қана қылмыстық істерді қарастырумен шектеледі, ал халық отырысшылары қылмыстық және азаматтық сот өндірісіне де қатысты. Әрине, алқа билердің ерекшелік белгісі ретінде жоғарыдағы белгілермен шек қоюға болмайды.

Алқа билер мәнінің энциклопедиялық анықтамасына үңілетін болсақ, алқа алушы — қылмыстық процестің субъектілері (қатысушылар) өзінің маңыздылығы бойынша әр түрлілерінің синтезі. Мысалы, алқа билер — «заңмен бекітілген тәртіпте, қылмыстық істерді істерді қарастыру жолымен әділ сотты жүзеге асыруға қатысатын, алқа билер тізіміне енгізілген» азаматтар.

Алқа билер нақты істі қарастыру үшін сот аппаратымен кездейсоқ таңдау әдісімен сұрыпталады. Алқа билер институты Қазақстан Республикасында құқықтық негізде құрылған жағдайда оның құрамына тағайындалатын әрбір алқа билердің адамгершілік қасиетіне ерекше көңіл бөлінген дұрыс. Себебі объективті шешім шығару саналы, салиқалы, ақылды, парасатты, байыпты адамдардың ғана қолынан келетінін ескерген дұрыс.

Алқа би өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық істің мән-жайын бағалауға міндетті. Алқа би сот ісін жүргізу кезінде өзіне қойылған талаптарды мүлкітсіз орындауға тиіс. Мемлекетімізде құрылған алқа билер институты моделі халқымыздың ұлттық, тарихи, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктеріне сай болуы қажет. Бұл ретте біздің еліміздегі басым көпшіліктің пікірін ескеріп, құрлықтық жүйені енгізу орынды. Сонымен қатар алқа билер тек кесім шығарып, заң нормалары бойынша талап етілетін үкімді кәсіби судьяның шығарғаны жөн.

Алқа билер соты институтын өмірге енгізудегі негізгі мақсат — елімізде сот әділдігін жүзеге асыруда демократиялық үрдістің, ашық тұрпатты соттың дамуына жол ашу. Алқа билер корпусының қалыптасу қағидаларын еске ала отырып, олардың қатысу саласын бірінші инстанция сотында қылмыстық істерді қарастырумен шектеу қажет (аудандық, қалалық және оған теңестірілген соттар, облыстық және оған теңестірілген соттар). Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотында бірінші инстанция бойынша қарастырылатын қылмыстық істердің маңыздылығы мен күрделілігіне, сонымен бірге Жоғарғы соттың судьялары саралаудың деңгейіне байланысты, бұл деңгейде қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарастыруынан алып тастау керек. Алқа билердің қатысуымен істерді тыңдау туралы шешім үшін мына алғышарттарға баға беру керек:

1. Айыпкердің ерік білдіруі.
2. Істі алқа билер сотында қарастырудың негізгі (соттылық туралы тәртіпті сақтау, істі бірінші инстанция бойынша қарастыру, айыпкердің қалау-тілегі, айыпкерге қылмыстық істі алқа билер сотында қарастырудың мәнін түсіндіру және т.б.).
3. Айыпкерлердің бірі істі алқа билер сотында қарастыру туралы ықылас білдіргенде, іс бойынша басқа айыпкерлер үшін туындайтын мүмкін зардаптар.
4. Істі алқа билер сотының қарамағынан алу туралы ықылас білдіргендегі туындайтын мүмкін құқықтық зардаптар.
5. Қылмыстық істі қарастырудағы алқа билердің қатысу сипаты [3].

Біздің таңдаған жүйеміздің, мәселен, көршіміз Ресейден айырмашылығы бар. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, олардың алқа билер сотында өзге елдерден келіп жұмыс істеп жүргендерді өлтірген «ұлтшыл» жастар жауапкершіліктен босатылған оқиғалар жиі кездесті. Ресейдің таңдағаны — классикалық жүйе. Оларда алқа билер кеңесу бөлмесінде тек өздері ғана бас қосады және олардың алқа билері сотталушының тек не кінәлі, не кінәсіздігі туралы ғана шешім шығарады. Судья олардың айтқанына бағынады. Ресейде, егер сотталушының, не кінәлі, не кінәсіз екенін айқындайтын сәтін алдында алқа билер мен судьялардың кеңесу мүмкіндігі болса, кәсіпқой судьялар сотталушының

кылмысының қауіптілік дәрежесі мен қоғамдық әсерін түсіндіріп беруге мүмкіндігі болар еді. Сонымен қатар бізде алқа билерді іріктегенде ұлтына, жынысына қарамайды. Компьютерлік таңдау жүргізілді. Алқа билер бір жылда бір ғана процеске қатысады. Келесі процеске қайыра алқа билікке мүше болатын өзге жаңа кандидаттарды іріктеу жүргізіледі. Бұл ұлттық ерекшелікке байланысты келеңсіздікті тудырмауға да және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін де ойластырылған шара.

Алқа билер туралы заңда аталғандай, олардың құрамына құқық қорғаушылар, заңгерлер енбейді. Мұндай шектеулердің себебі, алқа билер халықтық сот болғандықтан, шешім арнайы дайындығы бар заңгерлердің емес, қарапайым, яғни, сотқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мамандық иелерінің қатысуымен шығарылуы үшін жасалған шара. Мәселен, Ұлыбританияның заңы бойынша алқа билер құрамына үй шаруасындағы адамдардың, яғни арнайы білімі жоқ жандардың, қатысуы 80 % төмен болмау керек деген ереже белгіленген. Бұл қарапайым халықтың қылмыскерге деген пікірін, көзқарасын білу үшін жасалған әрекет. Ал біздің қазақстандық алқа билер сотының ерекшелігі қате шешім қабылдап кетпес үшін алқа билердің классикалық түрін емес, құрлықтық түрін таңдап алуымызда жатыр. Ол ерекшелікке сай әлгі тоғыз алқа бидің, қасына екі кәсіптік судьяны қостық. Олар кеңесу бөлмесіне бірге кіретін болғандықтан, өздеріне түсініксіз кейбір сұрақтар туындап жатса, сұрап алуларына мүмкіндік бар. Біле білсеңіз, осы құрлықтық жүйені таңдауға көптеген қарсылықтар болды. Өйткені алқа билерге кеңесу бөлмесіне барғанда кәсіптік судьялардың ықпалы әсер етеді деген сенімсіздік белең алды. Ал кәсіптік судьялардың еш ықпалы болмайтындығы сонда, алқа билер кеңесу бөлмесінде өз тоқтаған шешімдерін жасырын, яғни әркім жазбаша, береді. Кеңесу бөлмесіне дейін қандай сұрақтар қойылуы керектігі алдын ала белгіленіп алады. Сөйтіп, кеңесу бөлмесінде алқа билер өздерінің ұстанымдарын анықтап алғаннан кейін парақтағы сұраққа «иә» не «жоқ» деп жауап қайтарады. Ол міндетті түрде жәшікке салынады. Сонан кейін ғана төрағалық етуші судья әлгі сұрақтарды жинап, қорытынды жасайды. Демек, осы арқылы кәсіптік судьялардың алқа билерге сотталушы адамдардың кінәлі немесе кінәсіз еместігін айыруға ықпал жасауына шектеу қойылған, яғни ықпал ету мүмкін емес.

Алқа билер туралы заңда оларды түрлі сыртқы әсер әрекеттерден, күштерден қорғаудың тетіктері қарастырылған. Өздерін, отбасын қорғау немесе қажет болса мүлкін де қорғауға алу заң жүзінде жүзеге асырылады. Алқа билер іріктелініп алынғаннан кейін олардың мәртебесі қаралатын іс біткенше кәдімгі судьялардың мәртебесіне теңестіріледі.

Алқа билікке үміткерлерді жергілікті атқару органдары іріктейді. Сот жүйесі іріктеу ісіне араласпайды. Алқа билердің қатысуымен істі қарастырудан айыпкердің бас тартуы мен келуі туралы хаттаманың құрылымы мен мазмұны туралы сұрақтар маңызды болып табылады. Егерде заң шығарушы қылмыстық-процессуалдық заңның елеулі бұзылуының тізіміне айыпкердің алқа билердің қатысуымен істі тыңдау туралы қалау-тілегі құқығы бар екенін түсіндіру туралы тәртіпті сақтамау және т.б. нұсқамаларды орындамауды енгізетін болса, онда белгілі бір құқық бұзушылықтарды елеулі деп санайтын процессуалдық белгілер болуы керек.

Сот әділдігін жүзеге асыруға алқа билерді қатыстырудағы ең маңызды буын — сотқа шақырылған үміткерлер ішінен сот ісін тікелей жүзеге асыратын тоғыз алқа бий мен оларға тағы қосымша екеуін таңдап алу. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде таңдап алудың көптеген тетігі бар.

Алқа билермен шығарылатын вердиктінің объективтілігі мен дұрыстығын қамтамасыздандыратын, процедураны құру кезінде келесі сәттердің маңыздылығын есепке алу керек:

1. Сотта төрағалық жасаушы судьяның, алқа билер алқасының старшинасына сұрақтардың тізімі беру тәртібі көрсетілуі керек. Бұл сұрақтардың тізімі жазылған құжат қылмыстық-процессуалдық категориядағы құжаттардың белгісін сақтау керек, құжатты қалыптастыру тәртібінің заңдылығы туралы сұрақтарды шешуге негіз болатын және алқа билер алқасына беруге негіз болатын қажетті реквизиттер, қарастырылып отырған құжаттың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау.

2. Вердикт қалыптастырылатын алғышарттар туралы сұрақты шешу керек. Іс бойынша төрағалық жасаушы судьяның сұрақтарына жауап беру процесінде, алқа билерге мүдделі тұлғалардың қандай да болмасын әсер етуі немесе қысым көрсетуіне жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 370-бабында көрсетілген судьялардың кеңесінің құпиясы туралы ережені алқа билер кеңесін жүргізу тәртібіне де қолдануға болады.

3. Судьяның тек әр сұрағы бойынша алқа билердің дауыстарын есептеу мен дауыс беру технологиясын анықтау керек. Вердиктіні шығару сипаты осы тәртіпті сақтаудың нәтижесіне байланысты; аяқталған шешімді қалыптастыруға кірісуге алғышарт болу керек, бұл алғышарттар

судьяға бұрынғы аталған сұрақтар тізімі нысанында, бірақ толтырылған жауап түрінде төрағалық жасаушы судьяға беріледі.

4. Сұрақтар тізімін жауаптармен бірге төрағалық жасаушы судьяға берудің тәртібін көрсету керек. Осы тәртіпті сақтаудың нәтижесінде вердиктіні заңды деп таниды. Сұрақтар тізімін жауаптармен бірге төрағалық жасаушыға беру мағынасы бойынша вердикт болып табылады. Осыған байланысты жауаптарды төрағаға берудің жеке ережелерін процессуалдық бекітудің маңыздылығы шығады.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің үкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай және қосалқы тізімдерден алқа биге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдауы жүргізеді. Бір адам алқа би ретінде сот отырыстарына жылына бір реттен артық қатыса алмайды [4].

Қылмыстық істі қарауға қатысу үшін алқа биге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау аяқталғаннан кейін, олардың тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы көрсетіле отырып, алдын ала тізім жасалады, оған сот отырысының хатшысы қойылады. Алдын ала тізімге енгізілген алқа биге кандидаттарға сот талқылауы басталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірілмей сотқа келетін күні мен уақыты көрсетілген хабарлама тапсырылады. Хабарлама алған азаматтар алқа билерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

Қаулыланып отырған үкімнің мазмұнын анықтаудағы алқа билер сотының, вердиктісінің орны, ролі, маңызын көрсететін элементтер үкім құрылымында болуы керек деген негіз бар. Егерде вердиктіде айып тағушылық әрекеті жасады деген тұлғаның кінәлілігі мен кінәсіздігі туралы сұраққа жауаптар болса, онда үкім — әрекетті заңдық саралайтын және жаза шарасын анықтайтын, процессуалдық акт. Вердикт — кездейсоқ таңдау әдісімен соттың құрамына кірген алқа билердің алқалық шешімі, ал үкім — алқа билер алқасымен шығарылған, вердиктінің сипатын есепке ала отырып, кәсіби судьямен қалыптастырылған заңдық акт.

Қазіргі кезеңдегі ағылшын және американдық процестерде, егерде айыпкер өзін кінәлі деп танитын болса, онда іс алқа билердің қатысуымен қарастырылмайды. Алқа билер вердикт шығарудан босатылады. Егерде айыпкер өзін кінәлімін деп таныса, ол өзінің ісін алқа билер сотында қарастыру құқығынан айрылмайды. Алқа билер сотындағы дәлелдемелерді зерттеу тәртібі сотта төрағалық жасаушы судьяға байланысты. Сот процесіне қатысушылардың ұсыныстарын тындап алған соң, судья белгілі бір анықтама қабылдайды. Дегенменде дәлелдемелерді зерттеу тәртібі бойынша прокурор мен адвокат өз ұсыныстарын енгізе алады.

Мәселен, алқа билердің немесе үміткерлердің дәлелді себептермен қарсылық білдіруі және кейбір жағдайда жеребе тастау арқылы өткізу де ойластырылған. Таңдап алуда іріктеп алынған алқа билерге айыптаушы мен қорғаушылар тарапынан ешқандай күмән тумауы тиіс.

Істі алқа билердің қатысуымен қарау азаматтардың күмәнсіз, әрі бейтараптылықпен үдерістегі сайысушылықты әділ қамтамасыз етеді және алқа билер өздерінің шынайы, әділ ісімен адвокаттар мен прокурорлардың кәсіби біліктерін арттыруға барынша ықпалын тигізуі керек. Сонымен қатар сот мәжілісі барысында алқа билер сот әділдігін жүзеге асыруда оған қол сұқпауды, тәуелсіздікті, бейтараптылықты қамтамасыз етуде маңызы ерекше болмақ.

Алқа билер соты жаңа институт ретінде кең алқалылыққа ие, сот қателіктеріне жол бермеуге тырысып, тәуелсіздігімен сипатталынады. Азаматтардың саналарында айыпкерге деген әділ және гуманды қатынастың кепілін білдіреді. Адамның кінәлілігі мен кінәсіздігін қатардағы азаматтар анықтайды.

Алқа билер — қоғамның тәуелсіз өкілдері, олар қандай да болмасын ведомстволық және кәсіби мүдделерден алыс, шешім шығарғанда сөзталас әрі еркіндік жағдайында әрекет жасап, әділдік ұғымын басшылыққа алады, шешім шығарғанда өзінің тұрмыстық тәжірибесі мен ақылына сүйенеді.

Сотталушыны айыптаудағы соңғы сөз — осы алқа билердің қолында. Алқа билер соты көбінде аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарастырып, вердикт шығарады, сөйтіп қоғамның пікірін білдіреді. Сонымен, алқа билер соты — қылмыстық іс жүргізуді өзгертетін (заңды бұзып алған дәлелдемелерді істен алып тастау, судьяның позициясының нейтралитеті, жақтардың сайыстарының теңдігі) және Қазақстанның құқықтық жүйесіне тұтасымен әсер ететін (судьяның әрекетінде құқық шығарушылық элементтерінің қалыптасуы, сот прецедентінің практикасы) институт. Алқа билер соты Қазақстан құқығындағы елеулі өзгерістердің туындауын білдіреді.

Халық отырысшыларын алқа билер сотының бұрынғы үлгісі немесе кейінгі деп санау үлкен қателік. Бұл институттар бір-біріне ұқсамайтын құбылыстар. Халық отырысшылары судьялармен бірге тең түрде іс бойынша шешім қабылдады. Алқа билер іске өздерінің қатынастарын көрсетеді.

Ата Заңымызға сәйкес соттардың қоғамдағы орны нақтыланып, беделі мен мәртебесі арта түсіп отырғандығы мәлім. Жыл сайын сот жүйесін заман талабына сәйкес жетілдіріп, азаматтардың мүдделерін қорғаудың өркениетті үрдісін кеңейту жолында жүргізіліп жатқан істердің нақты көрінісі біздің облыстық соттың жұмысынан да байқалады.

Өмір бір орнында тұрмайтынындай өзгерістер сот саласына да тән десек, соның ішінде елімізде алқа билер сотының құрылуы құқықтық реформаны тереңдету бағытындағы нақты қадам саналады. Демократиялық, ашық қоғамға түпкілікті енгенімізде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды дамытып, жақсартуға ықпал-әсері зор болмақ, мұндай тәсілді қолданудың уақыты туды дей аламыз. Бұл өзі, бір жағынан, оншалықты таңсық та іс емес қой. Мәселен, елімізде кезінде сот төрелігін атқаруға халық өкілдері де тартылғаны белгілі. Осындай үрдісті елеулі өзгешелікпен дамыту мақсатында, шешімді тек судья жалғыз шығармай, өмірден тоқыған-түйгені көп адамдар сарабына салып, әділдік әміріне жүгіну жұрт көңіліне жақын тартар деген үміттеміз. Сонымен, өмір шындығын айтқанда, қылмыстық істерді қараудағы әлі де кездесіп қалып жүрген кей кемшіліктердің орын алуына жол берілмес еді.

Облыста алқа билер соты құрамымен жұмыс істеуге дайындық былтыр басталған болатын. Ол Қазыбек би ауданында орналасқан № 2 сот учаскесі ғимаратының екінші қабаты бүтіндей соған арналып өзгертілді. Бөлмелер, сот мәжіліс залдары, демалатын, жеке кеңесу бөлмелері тиісті құралдармен жабдықталған. Мұндағы алқа билер соты облыста алғашқы болып іске кірісті.

Алқа билер қатысатын сот үдерісі тек облыстық соттарда ғана қаралады. Негізгі алқа билер саны тоғыз болса, оларға қосымша екі кәсіптік судья жетекшілік жасайды. Судьяның бірі төраға болып табылады. Алқа билер қарауына ең жоғары жаза — ату жазасын қолдану қажет етілетін істер ғана беріледі. Жылма жыл елімізде ондай, яғни Қылмыстық кодекстің 96-бабы, 2-бөлігінде жататын, 700–800 істер қаралады. Енді қазіргі уақытта барлық облыстық соттарда алқа билер қатысып өткізетін істерге байланысты арнайы бөлмелер жабдықталына бастады [5].

Қазіргі алқа билер өздері шешім қабылдайды. Олар үш сұраққа жауап беруге тиіс: аталған қылмыс орын алды ма? Оған сотталушының қатысы бар ма? Ол кінәлі ме? Бұрынғыдай ашық талқылау деген жоқ. Алқа билер жасырын дауыс беру кезінде дубара, яғни қалыс қалуға, болмайды. Олар не бар, не жоқ деп міндетті түрде жауап беруге тиіс. Ал егер дубара қалған жағдай кездесе, ол тек сотталушының пайдасына шешіледі. Алқа билерге қосымша кәсіптік судьялардан кім тағайындалады дегенді компьютер тандауы шешіп беретін болады. Сот билігінің тәуелсіздігін реттеу, судьяларды әлеуметтік қорғау, сонымен бірге судьяларды материалдық қамтамасыздандыру, кадрлар саясаты көптеген заңдардың нормаларында көрініс тапты. Жарияланып отырған судьялардың жоғарғы мәртебесін және оның шынайы әлеуметтік жағдайын, әсіресе төменгі соттардың судьяларының жағдайларының ара қатынасы мәселелері күн тәртібінен алынып тасталды. Материалдық қамтамасыздандыру әділ сотты жүзеге асыруда судьялардың сатылмайтындығын және олардың объективті болуларының кепілі болып табылады.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту бойынша шаралар туралы», «Соттық әкімшілік етудің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыздандыру бойынша шаралар туралы» Жарлықтары, Жоғарғы сот жанынан Соттық әкімшілік ету бойынша Комитеттің құрылуы осы бағыттағы заңды қадамдар болып отыр.

Сот жүйесінің автономдылығының қағидасын заң жүзінде бекіту, судьялардың, құқықтық мәртебесін көтеру, әділ сотты жүзеге асыруды жетілдіру, жаңа құқықтық актінің негізгі ережелері Занның ең негізгі артықшылығы, оның прогрессивтік потенциалы осында.

Қорыта айтатын болсақ, Қазақстанның сот жүйесіне алқа билердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу құқықтық реформаларды одан әрі жетілдіру және сот билігінің халықпен бірге бірлесіп жұмыс істеуіне, сот процесінің жұртшылық өкілдеріне жариялы болуына ықпал етері сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Канаданов Е. Мнение присяжных заседателей может серьезно повлиять на приговор суда // Правовое государство. — 2000. — № 3. — С. 20.

2. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту бойынша шаралар туралы» Жарлығы. — 2000. — 1 қырк. — 2-б.
3. Демичев А.А. Перспективы Российского суда присяжных // Государство и право. — 2002. — № 11. — С. 12.
4. ҚР кейбір заңнамалық актілеріне алқа билердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы // Егемен Қазақстан. — 2006. — 16 қаңт. — 1-б.
5. Жаубасов Б. Алқа билер соты — әділдіктің жаршысы // Егемен Қазақстан. — 2006. — 1 сәуір. — 3-б.

Репозиторий Қарғу